

Бекітемін:

Мектеп директоры: Сундетов Ж.Ж.



Келісемін:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Хитрук Е.К.

**Амангелді орта мектебі**  
**2022-2023 оқу жылына арналған әлеуметтік**  
**педагогтың**  
**ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

2022-2023 оқу жылы

Амангелді орта мектебінің әлеуметтік  
педагогтың жылдық жасаған жұмыс  
қорытындысы

2022-2023 оқу жылы бойынша жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. «Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, отбасы жағдайы төмен, көпбалалы аз қамтылған отбасыларды анықтап, мектеп жасындағы балаларға біршама көмектер көрсетілді. Көмек көлемі -150 000 теңге. Класс жетекшілерден класс тіімдері жинақталды. Демеушілер тарапынан көрсетілген қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылды. Қосымша ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен, ыстық тамақты ұйымдастырудағы және өгей әке – шешемен, ата әжесімен тұратын оқушылармен жұмыс жоспарлары бекітілді. Мектеп оқушыларынан отбасы жағдайын анықтау мақсатында әлеуметтік – тұрмыстық зерттеу актісі алынып, сол бойынша мектеп оқушыларының статустары анықталып, тізім ауылдық әкіміне бекітілді. Сондай – ақ, мектеп және класс паспорттары жасакталып, бекітіліп, класс паспорттарының бір данасы класс жетекшілерге берілді. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушыларға білім алуына жағдай жасау мақсатында оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстары қадағаланды. Жалпы мектеп бойынша жыл басында 78 отбасы, бала саны - 160, оның ішінде көпбалалы отбасы – 37, бала саны – 99. Аз қамтылған отбасы – 8, бала саны-15, толық емес отбасы – 13, бала саны -16, өгей әкемен тұратын – 2 оқушы, өгей шешемен -1 оқушы, ата –әжесімен тұратын – 7оқушы бар және ерекше білімді қажет ететін -1оқушы бар. ПМПК қорытындысы негізінде 3 класс оқушысы Қашқынов Ерболдың диагнозы анықталды. Бұл оқушымен және ата- анасымен тікелей тығыз байланыстамын. Үнемі бақылау мақсатында ата-анасымен және оқушымен кездесіп, әлеуметтік –тұрмыстық жағдайлары қадағалануда. Бұл оқушыға оқу жылының басында киім –кешекпен оқу құралдарымен көмек берілді. Қазіргі уақытта бұл оқушы ыстық тамақпен қамтылуда. Қамқоршылық кеңестің ұйғарымымен.

Өгей әкемен шешемен тұратын оқушыларды анықталды. Осы балаларды бақылауда тұстау және жеке басының құқығының қорғалуын қадағалау мақсатында есепке алынды. Сондай – ақ бұл оқушылардың үй жайымен және ата – анасымен танысу мақсатында комиссия мүшелері бірігіп, үйлерін аралап, кезедесіп, әлеуметтік – тұрмыс жағдайларын бақылап, зерттеу жасалды. Бұл оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымын гигиеналық тазалықтары қадағалануда. Әлеуметтік жағдайларына байланысты сұраныстары қамқоршылық кеңесте қаралып, қазіргі уақытта ыстық тамақпен қамтылуда. Жыл басында Қамысбаева Самалға сумка оқу құралдарымен көмек көрсетілді.

Жыл басында ауылдық әкімшіліктен анықталған аз қамтылған отбасы балаларының құжаттары жинақталып, ыстық тамаққа өтініш қабылданды. Ыстық тамақты қадағалау және ұйымдастыру мақсатында брокераждық комиссия мүшелері сайланып, жұмыс жоспары бекітілді. Аз қамтылған отбасы балаларын ыстық тамақпен қамту мақсатында тізім жасакталды. Қосымша қамқоршылық кеңестің шешімімен мектеп оқушыларынан тұрмысы төмен отбасы балалары тізімделді. Қазіргі уақытта мектеп бойынша 33 оқушы ыстық тамақпен қамтылуда. Ыстық тамақ ішетін оқушыларға қауіпсіздік шаралары түсіндіріліп, сақтау ережелері таныстырылды. Тамақтану уақыты бекітілді. Мектеп бойынша оқушылардың тамақтану сапасын бақыланын отыр. Күнделікті тамаққа і-барулары қадағалануда. Асхана тазалығы мен санитарлық гигиеналық жағдайларын мектеп медбикесімен бірлесе отырып бақылануда.

«Бала құқықтары мен міндеттері» туралы ата-аналарға арналған дөңгелек үстел өткізді. Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Тамақтаңа білеміз

бе?» ыстык тамак ішетін оқушылармен іс шара өткізілді. «Отбасылық қарым-қатынас» тақырыбында 5-7 сынып оқушыларына эссе жаздырылды. 7-11 класе оқушыларынан «Мен және менің дінге көзқарасым» тақырыбында сауалнама алынды. Мектептегі толық емес отбасы оқушылардың әлеуметтік жағдайын психологпен бірлесе отырып бақылануда. «Дұрыс тамақтау білу де өнер» тақырыбында тамақ ішетін оқушыларға тәртібі мен талабы туралы кеңестер берілді.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы және ата – аналары туралы мәліметтер жасакталды. Аудан әкімі шыршасына мектеп бойынша 1 ерекше білімді қажет ететін оқушы және 3 көпбалалы отбасынан 3 оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар берілді. Ауыл әкімінің шыршасына мектеп жасына жетпеген және мектеп жасындағы ерекше білімді қажет ететін балалар барып қатысып қайтты. Ерекше білім қажет ететін оқушылардың отбасымен қарым-қатынаста отырдым. Ерекше білім қажет ететін оқушылардың мінез-құлықтарын зерттеп бақылау барысында Қашкынов Ерболды психологпен бірге зерттедік. 5-7 сынып оқушыларына арналған «Мен тұлғамын» дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және аудан аймағында лагерьде демалуын қамтамасыз ету мақсатында бірқатар жұмыстар жасалды. Мектептегі 1-7 кластар аралығындағы оқушылардың ішінен әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын мектеп жанындағы лагерьге ұсынылды. Туыстарымен бірге тұратын оқушылардың отбасылық әлеуметтік жағдайлары бақыланды. Ата – аналар жиналысына қатысып отырдым. Ата – аналарға тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен психологпен бірлесіп, әр түрлі шаралар жиналыстар өткіздік. Ерекше білімді қажет ететін және әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың мектептегі оқу нәтижелері бақыланып отырды. «Бақытты отбасы – ол...» деген тақырыпта ата – аналарға арналған дөңгелек үстел өтпей қалды. Себебі шақырылған ата – аналар келмеді. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын байқау мақсатында көпбалалы, аз қамтылған т.б арнайы статуска жататын отбасылардың үйлерін аралап, ата – аналарымен сөйлесіп зерттеу актісі жасакталды. Наурыз айында «Отбасы жарастығы» деген ата – аналарға дөңгелек үстел ұйымдастырылды. ПМПК – ға қаралатын оқушылардың ата-аналарымен кездесіп, құжаттарын жинақтап берілді ата-анаға.

Орындаған: әлеуметтік педагог Ахметова Г.С.

## Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары

2022-2023 оқу жылы

**Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты:** Әр тұлғаның өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу, зерделеу және оқушының тәртібіндегі кездесетін қиыншылықтарын қадағалай отырып, өз уақытысында әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қолдау, құқығын қорғау.

### Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспар

№	Іс – шаралар	Орындалу мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
<b>I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу</b>				
1	<p>Ұйымдастырушылық іс-шаралар.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру.</li> <li>• Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау.</li> </ul>	тамыз	әлеуметтік педагог	жоспар
2	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік қайырымдылық қорын ұйымдастырып, отбасы жағдайы төмен, аз қамтылған отбасыларын анықтап, көмек көрсету.</li> <li>• Мектеп оқушыларының тізімін класс жетекшілерден жинақтау</li> <li>• Класс жетекшілермен біріге отырып, әлеуметтік жағынан аз қамтылған оқушылармен пікірлесу, сөйлесу, қолдау көрсету</li> </ul>	тамыз	әлеуметтік педагог	акция аясында
3	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру.</li> </ul>	тамыз	әлеуметтік педагог ДТІЖО	Анықтама
4	<p>Ыстық тамақпен қамтылатын, әлеуметтік санаттағы балалардың тізімін нақтылау, қамқоршылық кеңеспен бірлесе отырып бекіту. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың құжаттарын жинақтау</p>	тамыз қыркүйек	әлеуметтік педагог ДТІЖО	анықтама хаттама
5	<p>Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау.</p>	тамыз	әлеуметтік педагог сынып жетекші кітапханашы	анықтама
6	<p>Класс жетекшілерінде әлеуметтік мәселелерге байланысты болатын құжаттар, олардың үлгілері туралы мәліметтер беріп отыру</p>	Қажет жағдайда	Әлеуметтік педагог	Мәлімет беру
7	<p>Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспортын жасау.</p>	қыркүйек	әлеуметтік педагог	мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу
<b>II. Бала құқығын қорғау жұмысы</b>				
8	<p>Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын және картотекасын жасау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Толық емес отбасы балалар тізімі;</li> <li>• Көпбалалы отбасы балалар тізімі;</li> </ul>	қыркүйек	әлеуметтік педагог	бекітілген тізімдер

	жағдайға тап болған) отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізу <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың тегін ыстық тамақпен камтылуы мен басқалай көмектер алуына ықпал еті, қадағалау</li> </ul>		сынып жетекші  әлеуметтік педагог психолог	
22	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ерекше білім қажет ететін оқушылардың отбасымен қарым-қатынас орнату, анкета жұмыстарын жүргізу анықтау,</li> <li>• Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың мінез-құлықтарын зерттеу бақылау,</li> </ul>	үнемі	Әлеуметтік педагог Психолог - ассисент	анықтама
23	Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс.  Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу.	Жыл бойы	ДТЖО  әлеуметтік педагог  педагог психолог	тізім
24	«Мен тұлғамын» 5-7 сыныптар дөңгелек үстел	наурыз	әлеуметтік педагог психолог	анықтама
25	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және аудан аймағында лагерьде демалуын камтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру	мамыр	әлеуметтік педагог	оқушы құжаттарын жинау
<b>IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы</b>				
26	Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу	үнемі	әлеуметтік педагог педагого - психолог сынып жетекші ДТЖО	Болған жағдайда
27	Сабақтан себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу.	үнемі	Комиссия мүшелері	Болған жағдайда
28	Туыстарымен тұратын оқушылардың отбасылық , әлеуметтік жағдайын бақылау	үнемі	Әлеуметтік педагог	Акт анықтама
29	Медициналық сала өкілдерімен кездесулер өткізу	жоспарға сай	Әлеуметтік педагог	
<b>V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс</b>				
30	Ата-аналар жиналыстарына қатысу;  Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау.	I.II.III.IV тоқсан	әлеуметтік педагог  ДТЖО	хаттама
31	Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алуын қадағалау.	үнемі	әлеуметтік педагог	кеңес беру ата-анасымен сұхбаттасу

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Аз қамтылған отбасы балалар тізімі;</li> <li>• Тәртібінде ауытқуы бар оқушылар тізімі мен өгей әке шешемен тұрып жатқан оқушылар тізімі.</li> </ul>			
9	«Бала құқықтары мен міндеттері» ата –аналарға арналған дөңгелек үстел	қыркүйек	Әлеуметтік педагог	Жоспарлы шара
10	Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу	тоқсан сайын	әлеуметтік педагог сынып жетекшілер психолог	анықтама
11	«Тамақтана білеміз бе?» оқушыларға кеңес	қазан	әлеуметтік педагог медбике	сауалнама баяндама
12	«Отбасылық қарым қатынас» тақырыбында орта буын сыныптарында эссе жазу.	желтоқсан	әлеуметтік педагог сынып жетекшілер	анықтама
13	Аз қамтылған, көпбалалы жанұя балаларының облыс, аудан әкімі шыршасына қатысуын қамтамасыз ету	желтоқсан	Әлеуметтік педагог	Оқушы құжаттарын жинау
14	«Бала құқығы- асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтар.  Мектеп бітіруші сыныптарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 9-11 сыныптар	желтоқсан	әлеуметтік педагог ДТЖО психолог сынып жетекші	анықтама
15	Мектептегі толық емес отбасы оқушылардың әлеуметтік жағдайын психологпен бірлесе отырып бақылау	үнемі	Әлеуметтік педагог психолог	Акт анықтама
16	«Мен және менің дінге көзқарасым» 7-11 сыныптар сауалнама	ақпан	әлеуметтік педагог психолог	анықтама
17	«Дұрыс тамақтана білу де өнер» оқушыларға кеңес	желтоқсан	Әлеуметтік педагог	Талаптар
18	«Өмір құндылығы» 5-11 сыныптар тренинг	сәуір	әлеуметтік педагог психолог	анықтама
<b>III. Ерекше білім беруді қажет ететін және ерекше назарда тұратын оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс</b>				
19	Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.	жылына екі рет	әлеуметтік педагог және комиссия құрамы	Акт
20	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды анықтап тізімін жасау; жұмыс жоспарын жасау</li> <li>• Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тұрмыс - тіршілік, отбасы жағдайын бақылау, ата –анасымен кездесу, көмектер ұйымдастыру, оқулықпен қамту</li> </ul>	Тамыз қыркүйек	Әлеуметтік педагог  Комиссия мүшелері	Анықтама  Акт
21	* Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (жаңадан анықталып, проблемалық	қыркүйек	ДТЖО	анықтама

32	«Бақытты отбасы-ол...» ата-аналарға арналған дөңгелек үстел	I.II.III.IV тоқсан	әлеуметтік педагог	жұмыс жоспары
33	Оқушылардың әлеуметтік жағдайын байқау мақсатында көпбалалы, аз қамтылған т.б арнайы статустарға жататын отбасылардың үйлерін аралау, ата-аналармен сөйлесу, зерттеу актісін жасау	желтоқсан	Әлеуметтік педагог Тжо, психолог	Акт
34	«Отбасы жарастығы» дөңгелек үстел ата-аналармен	наурыз	Әлеуметтік пед, психолог ДТЖО сынып жетекші	хаттама
35	ПМПК-ға қаралатын оқушылардың ата-аналарымен кездесу, түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	сәуір	Әлеуметтік педагог, медбике	анықтама
<b>VI. Диагностикалау-талдау қызметі</b>				
36	Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» сауалнамасын алып, диагностика жүргізу. 7-11 сыныптар аралығы.	мамыр	әлеуметтік педагог	анықтама
37	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі	мамыр	әлеуметтік педагог	талдау
38	Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру	мамыр	әлеуметтік педагог	Жоспар әзірлеу